

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ»**  
акционерлік қоғамының  
**(«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ)**

**АКЦИЯЛАР ШЫҒАРУ ПРОСПЕКТІСІНЕ**

**ӨЗГЕРІСТЕР**

*Жарияланған акциялар шығарылымын уәкілетті органда мемлекеттік тіркеу инвесторларға осы проспектіде сипатталған акцияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсыныс беруді білдірмейді. Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген уәкілетті орган аталған құжаттағы ақпараттың сенімділігі үшін жауапкершілік арқаламайды. Акциялар проспектісін уәкілетті орган тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарастырды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпарат үшін жауап береді және қоғам мен оның акцияларына қатысты инвесторларға берілген ақпараттың дәл әрі сенімді екендігін растайды.*

Алматы қаласы  
2008 ж.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларының 2005 жылғы 29 наурызда тіркелген проспектісіне (2005 жылғы 28 шілдеде, 2005 жылғы 18 қарашада, 2006 жылғы 30 мамырда, 2006 жылғы 04 желтоқсанда, 2007 жылғы 06 ақпанда, 2007 жылғы 18 маусымда, 2007 жылғы 17 тамызда және 2007 жылғы 02 қарашада енгізілген өзгерістерімен қоса) (шығарылым Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне № А3387 нөмірімен енгізілді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. «Акционерлік қоғамның Директорлар кеңесі» деген 11-тармақ мынадай редакцияда берілсін:

**«11. Акционерлік қоғамның Директорлар кеңесі.**

Директорлар кеңесі төрағасының және мүшелерінің Т.А.Ә., туған жылы	Директорлар кеңесі төрағасы мен мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақыттағы қызметтік лауазымы	Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың акционерлік қоғам орналастырған жалпы акциялар санына қатынасы - %	Еншілес және тәуелді ұйымдардағы Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) қатынасы - %
<p><b>Павлов Александр Сергеевич</b> 1953 жылы туған</p>	<p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы - тәуелсіз директор</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ 2004 ж. наурыздан қазіргі уақытқа дейін «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы</li> </ul>	0	0
<p><b>Арыстанбекова Камилия Валерьевна</b> 1963 жылы туған</p>	<p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ 1998 ж. қыркүйектен қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан Халық Банкінің Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Басқарма төрағасы</li> </ul>	0	0
<p><b>Елемесов Асқар Раушанұлы</b> 1968 жылы туған</p>	<p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі,</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ 2004 ж. ақпан – 2006 ж. ақпан - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы Төрағасының орынбасары</li> <li>▪ 2006 ж. ақпан – 2006 ж. қараша - ҚР Қаржы министрлігінің вице-министрі</li> <li>▪ 2006 ж. желтоқсан - 2007 ж. ақпан - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары</li> <li>▪ 2007 ж. ақпан - қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі</li> </ul>	0	0

Директорлар кеңесі төрағасының және мүшелерінің Т.А.Ә., туған жылы	Директорлар кеңесі төрағасы мен мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақыттағы қызметтік лауазымы	Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың акционерлік қоғам орналастырған жалпы акциялар санына қатынасы - %	Еншілес және тәуелді ұйымдардағы Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) қатынасы - %
<b>Марченко Григорий Александрович</b> 1959 жылы туған	<i>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ            Директорлар кеңесінің мүшесі</i> ▪ 2005 ж. қаңтардан - қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасы	0	0
<b>Сатылғанов Қайрат Алпамысұлы</b> 1965 жылы туған	<i>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ            Директорлар кеңесінің мүшесі</i> ▪ 2005 ж. қыркүйек - қазіргі уақытқа дейін - «АЛМЭКС» холдинг тобы» АҚ Басқарма Төрағасының міндетін атқарушы	0	0
<b>Кристоф Рель (Christof Ruehl)</b> 1958 жылы туған	<i>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ            Директорлар кеңесінің мүшесі,            тәуелсіз директор</i> ▪ 2006 жылдан қазіргі уақытта - Британ энергетика-экономика институтының вице-президенті	0	0

**Директорлар кеңесі құрамындағы алдыңғы екі жыл ішіндегі өзгерістер:**

Директорлар кеңесі мүшесінің Т.А.Ә.	Директорлар кеңесі құрамына енген мерзімі	Директорлар кеңесі құрамынан шыққан мерзімі	Аталған өзгерістер себебі
<b>Павлов Александр Сергеевич</b>	2004 ж. наурыз	Қазіргі уақытқа дейін	-
<b>Марченко Григорий Александрович</b>	2005 ж. ақпан	Қазіргі уақытқа дейін	
<b>Арыстанбекова Камиля Валерьевна</b>	2001 ж. қыркүйек	Қазіргі уақытқа дейін	-

<b>Директорлар кеңесі мүшесінің Т.А.Ә.</b>	<b>Директорлар кеңесі құрамына енген мерзімі</b>	<b>Директорлар кеңесі құрамынан шыққан мерзімі</b>	<b>Аталған өзгерістер себебі</b>
<b>Сатылғанов Қайрат Алпамысұлы</b>	2002 ж. қаңтар	Қазіргі уақытқа дейін	-
<b>Елемесов Асқар Раушанұлы</b>	2007 ж. маусым	Қазіргі уақытқа дейін	-
<b>Кристоф Рель (Christof Ruehl)</b>	2007 ж. маусым	Қазіргі уақытқа дейін	-
<b>Сырғабекова Әсия Нариманқызы</b>	2004 ж. қаңтар	2005 ж. қаңтар	Берген өтінішіне сәйкес
<b>Молдахметов Нұрлан Сәлкенұлы</b>	2000 ж. қазан	2005 ж. қазан	Мезгілсіз қайтыс болуына байланысты
<b>Дәмитов Қадыржан Қабдошұлы</b>	2005 ж. қазан	2007 ж. қазан	Берген өтінішіне сәйкес
<b>Гэвин Артур (Gavyn Arthur)</b>	2007 ж. маусым	2008 ж. ақпан	Берген өтінішіне сәйкес

2. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлері жалпы жиналысының шешімімен (2003 жылғы 24 қыркүйектегі № 13 хаттама) бекітілген **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ орналастырған акцияларды құнын өтеп сатып алу және сатып алынатын акциялар құнын анықтау әдістемесі туралы ережелер»** деген № 1 Қосымша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлері жалпы жиналысының (2006 жылғы 19 сәуірдегі № 20 хаттама және 2008 жылғы 21 ақпандағы № 24 хаттама ) шешімімен бекітілген өзгерістері мен толықтыруларын ескере отырып, мынадай редакцияда берілсін:

#### **«№ 1 Қосымша**

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлері  
жалпы жиналысының шешімімен  
(2003 жылғы «24» қыркүйектегі № 13 хаттама)  
БЕКІТІЛДІ

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлері  
жалпы жиналысының 2006 жылғы «19» сәуірдегі  
шешімімен (№ 20 хаттама) бекітілген  
өзгерістер мен толықтыруларды,

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлері  
жалпы жиналысының 2008 жылғы «21» ақпандағы  
шешімімен (№ 24 хаттама) бекітілген өзгерістерді  
қоса алғанда

# «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ ОРНАЛАСТЫРҒАН АКЦИЯЛАРДЫ ҚҰНЫН ӨТЕП САТЫП АЛУ ЖӘНЕ САТЫП АЛЫНАТЫН АКЦИЯЛАР ҚҰНЫН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ ТУРАЛЫ

## Е Р Е Ж Е Л Е Р

### 1-тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ орналастырған акцияларды құнын өтеп сатып алу және сатып алынатын акциялар құнын анықтау әдістемесі туралы осы Ережелер (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жарғысына сәйкес жасалды және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ өзі орналастырған акцияларды сатып алу және сатып алынатын акциялар құнын анықтау тәртібін айқындайды .
2. Осы Ережелерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:
  - 1) *бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногы* - сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес мәміле жасалатын эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге қаржы құралдарының айналым аясы;
  - 2) *сауда-саттықты ұйымдастырушылар* - қор биржасы және бағалы қағаздарға биржадан тыс баға белгілейтін ұйым;
  - 3) *тіркеуші* - Банктің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілім жүйесін құрастырумен, сақтаумен және жүргізумен айналысатын бағалы қағаздар рыногына кәсіпқой қатысушы.
3. Осы Ережелердің әрекеті Банк орналастырған акциялар сатып алынатын мына жағдайларға таралады:
  - Банк бастамасымен;
  - акционер заңда белгіленген тәртіп бойынша талап еткенде;
  - акционердің өтінішімен;
  - сот шешіміне сәйкес.
4. Банк орналастырылған акцияларды құнын өтеп сатып алу шарасын акцияларды одан әрі сату, акционерлер құқығын сақтау (Банк акционерге тиесілі акцияларды заңнамаға сәйкес сатып алуға міндетті болатын жағдайда), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банк Жарғысына қайшы келмейтін өзге негіздемелер бойынша жүзеге асырады.

Орналастырылған акцияларды Қазақстан Республикасының бейрезидент-акционерлерінен сатып алуды Банк Қазақстан Республикасының резидент-акционерлері үшін белгіленген тәртіп бойынша жүргізеді.
5. Банк орналастырған акцияларды осы Ережелерде қарастырылмаған негіз бойынша сатып алу осы Ережелердің 3-тармағында қарастырылған негіздемелердің біреуіне немесе бірнешеуіне ұқсас тәртіппен жүргізіледі.

### 2-тарау. БАНКТИҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

6. Банк мүддесін ескеріп және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа ала отырып, Банк Басқармасы Директорлар кеңесіне Банктің орналастырған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдау жөнінде өтініш-қолдау хат беруге құқылы. Бұл ретте Банк Басқармасының өтініш-

қолдаухатында акцияларды сатып алуға қатысты мынадай ұсыныстар берілуге тиіс:

- 1) Банк орналастырған акцияларды сатып алудың негізділігі және сатып алудың мақсаты;
  - 2) орналастырылған акциялардың Банк сатып алуға ұсынатын акциялар саны мен түрі;
  - 3) орналастырылған акцияларды сатып алу бағасы немесе сатып алу бағасын анықтау әдістемесі;
  - 4) сатып алудың өзге талаптары.
7. Банк Басқармасының қолдаухатымен келіскен жағдайда Директорлар кеңесі Банк орналастырған акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы.
8. Егер орналастырылған акцияларды сатып алу нәтижесінде Банк жалпы орналастырылған бағалы қағаздар санының 10 және одан артық пайызын сатып алатын болса, Директорлар кеңесінің мұндай шара туралы шешімі акционерлердің жалпы жиналысында бекітілуге тиіс.
9. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес акционерлік қоғамдарға олардың орналастырған акцияларын сатып алуға тыйым салатын негіздемелер бар болса, өзі орналастырған акцияларды сатып алуға Банктің құқығы жоқ.
10. Банк сатып алатын акциялар саны оның орналастырған жалпы акциялары санының 25 %-нан аспауы керек, ал Банктің акция сатып алуға жұмсайтын қаржысы оның меншікті капиталының 10 %-нан аса алмайды:
- 1) орналастырылған акциялар акционердің талабымен сатып алынатын жағдайда - Банк акционерлерінің жалпы жиналысы қолданыстағы заңнамаға сәйкес акционерге тиесілі акцияларды одан құнын өтеп сатып алуды талап ету құқығын беретін бір немесе бірнеше шешім қабылдаған күнгі жағдайға сәйкес;
  - 2) орналастырылған акциялар Банк бастамасымен сатып алынатын жағдайда - орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күнгі жағдайға сәйкес.
11. Егер акционерлер сатып алады деп мәлімделген акциялардың жалпы саны Банк сатып алуы мүмкін акциялар санынан асатын болса, акционерлерден сатып алынатын акциялар олардың өздеріне тиесілі акциялар санына пропорционал түрде сатып алынады.
12. Пропорция коэффициенті мынадай формуламен белгіленеді:

$$K = A / C, \text{ мұндағы:}$$

K - пропорция коэффициенті;

A - Банк сатып алуы мүмкін жалпы акциялар саны;

C - орналастырылған Банк акцияларының сатып алу үшін мәлімделген жалпы акциялар саны.

13. Банктің акционерден сатып алатын акцияларының түпкілікті саны акционердің сатып алу үшін мәлімдеген акцияларының санын пропорция коэффициентіне көбейту арқылы есептеледі.
14. Банк сатып алған акциялар туралы мәліметтер міндетті түрде Банктің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізіліміне енгізілуге тиіс.
15. Банктің Директорлар кеңесі акционерлермен келісе отырып, сатып алынатын акциялар ақысын ақшадан басқа, өзге Банк мүлкімен төлеу жөнінде шешім қабылдауға құқылы.
16. Банктің сатып алған акциялары акционерлердің жалпы жиналысында жиналымды (кворум) анықтау кезінде есепке алынбайды және жалпы

- жиналыста дауыс беруге қатыса алмайды. Банк сатып алған акциялар бойынша дивиденд есептелмейді және төленбейді.
17. Банк акционерлері осы Ережелермен танысуға құқылы. Ережелердің 2-тарауында айтылған нормалар әрекеті осы Ережелердің 3, 4, 5 және 6-тарауларына да таралады.

### **3-тарау. АКЦИЯЛАРДЫ БАНК БАСТАМАСЫМЕН САТЫП АЛУ**

#### **18. Акцияларды Банк бастамасымен сатып алу тәртібі.**

- 1) Егер заңнамада, Банк Жарғысында немесе осы Ережелерде басқаша қарастырылмаса, орналастырылған акцияларды өз бастамасымен сатып алуды Банк акционердің келісімімен, Директорлар кеңесінің тиісті шешімі негізінде жүзеге асыруға құқылы.
- 2) Мына жағдайларда Банктің өзі орналастырған акцияларды сатып алу құқығы болмайды:
  - акцияларды орналастыру нәтижесі туралы есеп әлі бекітілмеген әрі аталған акциялар осы есеп берілетін шығарылымға жататын болса, есеп бекітілгенге дейін;
  - егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Банктің меншікті капиталының көлемі заңнамада белгіленген жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерінен азайып қалса;
  - егер акциялар сатып алынатын сәтте Банкте төлем қабілетсіздігі немесе банкроттық туралы заңнамаға сәйкес дәрменсіздік белгісі байқалса, не болмаса мұндай белгілер Банктің акцияларды сатып алуы салдарынан пайда болса;
  - егер сот шешімі негізінде немесе Банк акционерлері жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Банк таратылатын болса;
  - қолданыстағы заңнамада және/немесе Банк Жарғысында қарастырылған өзге жағдайларда.
- 3) Банк Директорлар кеңесінің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімінде сатып алынатын акциялар түрі мен саны, сатып алу бағасы, сатып алу жүргізілетін мерзім және сатып алу талаптары атап көрсетіледі (*«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлері жалпы жиналысының шешімімен редакциясы өзгертілді (2008 жылғы «21» ақпандағы № 24 хаттама).*
- 4) Банк орналастырған акциялардың жалпы санының 1 %-нан асатын мөлшерін сатып алу туралы Банк ұсынысы Банк Жарғысында анықталған мерзімдік басылымдарда жариялануға тиіс.
- 5) мерзімдік басылымдарда акционерлер үшін жарияланатын ұсыныста міндетті түрде сатып алынатын акциялардың түрі, саны, сатып алу бағасы, сондай-ақ сатып алудың басқа да талаптары, сатып алуға өтінім қабылданатын және акциялар сатып алу жүргізілетін мерзім және бұл мерзім өткеннен кейін Банктің акция сатып алудан бас тартуға құқылы мерзімі көрсетілуі керек.
- 6) орналастырылған акцияларды сатып алу туралы Банктің Директорлар кеңесінің шешімін Бас банк аталған шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей облыстық және өңірлік филиалдар назарына жеткізеді, өз кезегінде олар бұл ақпаратты тиісінше Банктің аудандық филиалдарына жеткізеді.
- 7) Банктің барлық филиалдарының құрылымдық бөлімшелері жергілікті жердегі акционерлерді алдағы болатын орналастырылған Банк акцияларын сатып алу шарасы жөнінде хабардар етеді (жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында

хабарландыру жариялау, Банктің барлық филиалдарында тиісті хабарландыру мәтінін ілу, т.б.).

8) Банк акционерлерден өтінім қабылдаған мерзім аяқталғаннан кейін сатып алу үшін жарияланған акциялардың саны Банк сатып алатын акциялар санынан асып кеткен болса, сатып алу өтінім берген акционерге тиесілі акциялар санына пропорционал түрде жүргізіледі.

9) Орналастырылған акцияларды сатып алуды Банк тараптардың өзара сатып алу-сату шартына қол қою және акцияларды сатып алу-сату мәмілесін заңнамада белгіленген тәртіппен тіркеу арқылы жүргізеді. Акцияларды сатып алу-сату шартында міндетті түрде сатып алынатын акциялар төлемінің ақшасын аудару үшін акционердің (заңды тұлға немесе жеке тұлға) банктік деректемелері немесе жеке тұлға-акционерлерге акция төлемі қолма-қол ақшамен берілетін мекен-жай атап көрсетіледі.

10) осы Ережелердің 18-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген құжаттарды ресімдеуді жеке тұлғалар Банктің облыстық, өңірлік және аудандық филиалдарында, сондай-ақ Банктің есеп айырысу-касса бөлімдерінде іске асырады.

11) Ережелердің 18-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген құжаттарды ресімдеуді заңды тұлғалар Бас банкте де, Банк филиалдарында да іске асырады.

12) Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуға қатысты акционерлердің тиісті құжаттарын ресімдеуі үшін олардан мерзімі өткен /жарамсыз, уақытша жеке куәліктер, сондай-ақ ескі нұсқадағы төлқұжаттар қабылданбайды.

13) Акцияны сатып алу бойынша акционермен түпкілікті есеп айырысу сатып алу сату шартында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

## **19. Акцияларды сатып алу бағасын анықтау әдістемесі**

1) Акциялардың сатып алу құнын анықтағанда Банктің Директорлар кеңесі мына төмендегі әдістемелердің бірімен анықталған баға бойынша сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы:

- орташа өлшем бағасымен;

- бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногындағы ағымдағы нарықтық бағамен немесе Банктің маркет-мейкерінің сұранысымен белгіленген баға бойынша (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында ағымдағы нарықтық баға болмаған жағдайда);

- Банктің меншікті капиталының көлемін, оның даму болашағын, Банктің пруденциалдық нормативтерді сақтау жөніндегі заңнама талаптарын орындауын және бағалы қағаздар құнына ықпал ететін басқа факторларды ескере отырып белгіленген бағамен;

- Банктің ішкі ережелерінде белгіленген тәртіппен Банк акцияларын сатып алу аукционын өткізу арқылы белгіленген бағамен.

### **Акцияларды орташа өлшем бағасымен сатып алу:**

- Қоғамның орналастырылған акцияларды өз бастамасымен сатып алуы акцияларды сатып алу туралы хабарландыру берілген күнге дейінгі соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасы бойынша жүргізіледі;

- орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы 30 күнтізбелік күн ішіндегі орташа өлшем бағасы бағалы қағаздардың қазақстандық болсын, шетелдік болсын ұйымдастырылған



рыногында бекітілген мәмілелер бойынша осы Ережеде аталған жағдайларға және тәртіпке сәйкес есептеледі;

- орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы 30 күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасын есептеу тек бағалы қағаздар сауда-саттығын ұйымдастырушылардың ресми мәліметтері негізінде жүргізіледі. Акцияның орташа өлшем бағасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен есептеледі;

- орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуы туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы 30 күнтізбелік күн ішінде қазақстандық ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында осы акцияларды сатып алу-сату бойынша мәмілелер жасалған болса, олардың орташа өлшем бағасын есептеу шетелдік ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногындағы акциялармен /депозитарлық қолхаттармен Банк акцияларына жасалған мәмілелер көлемінің есебін ескере отырып жүргізіледі;

- егер қазақстандық ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында Банк акцияларымен мәмілелер жасалмаған болса, орналастырылған акцияны Банктің сатып алуы туралы жарияланған күнге дейінгі соңғы 30 күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасын есептеу үшін Банк өз акцияларымен жасалған сауда-саттық көлемі туралы мәліметтерді немесе шетелдік бағалы қағаздар рыногында шығарылған депозитарлық қолхаттарды пайдалануы мүмкін. Бұл жағдайда, егер Банк акциялары бірден шетелдік бағалы қағаздар рыногының бірнешеуінде айналымға жіберілсе, Банк есеп айырысу жүргізгенде, бағалы қағаздардың барлық рыногындағы мәмілелер көлемі туралы ақпаратты пайдалануға міндетті;

- акцияның белгілі бір уақыт аралығындағы орташа өлшем бағасы ретінде акциялармен жасалған мәмілелердің аталған уақыт ішіндегі ақшалай көлемін осы мәмілелердегі акциялар санына бөлу нәтижесінде алынған баға танылады;

- орналастырылған акцияларды сатып алу туралы жарияланған күнге дейінгі соңғы 30 күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасы мына формуламен есептеледі:

$$C = V / A , \text{ мұндағы}$$

C - орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы 30 күнтізбелік күн ішіндегі акцияның орташа өлшем бағасы; V - аталған акциялар бойынша бағалы қағаздардың қазақстандық және шетелдік рыноктарындағы мәмілелердің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы 30 күнтізбелік күн ішіндегі ақшалай көлемі (аталған кезеңде акциялармен жасалған барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді қосу арқылы есептеледі);

A - орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі соңғы 30 күнтізбелік күн ішінде жасалған мәмілелердегі акциялар саны (аталған кезеңде акциялармен жасалған барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді қосу арқылы есептеледі).

**Акцияларды ағымдағы нарықтық бағамен немесе маркет-мейкердің сұранысымен белгіленген баға бойынша сатып алу:**

- орналастырылған акцияларды қоғамның өз бастамасымен сатып алуы Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында қалыптасқан немесе Банк маркет-мейкерінің сұранысымен (Банктің Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күні бағалы қағаздардың

ұйымдастырылған рыногында ағымдағы нарықтық баға жоқ болса) белгіленген бағамен жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте ағымдағы нарықтық баға ретінде бағалы қағаздардың бір күнгі орташа өлшем бағасы танылады.

**Акцияларды бағалы қағаздар құнына ықпал ететін түрлі факторларды ескере отырып белгіленген бағамен сатып алу:**

- орналастырылған акцияларды Банктің өз бастамасымен сатып алуы Банктің меншікті капиталының көлемін, оның даму болашағын, Банктің екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтерді сақтау жөніндегі заңнама талаптарын орындауын және бағалы қағаздар құнына ықпал ететін басқа факторларды ескере отырып белгіленген бағамен жүргізілуі мүмкін.

**Акцияларды Банктің ішкі ережелерінде белгіленген тәртіппен Банк акцияларын сатып алу аукционын өткізу арқылы анықталған бағамен сатып алу:**

- орналастырылған акцияларды Банктің өз бастамасымен сатып алуы Банктің ішкі ережелерінде белгіленген тәртіппен Банк акцияларын сатып алу аукционын өткізу арқылы анықталған бағамен іске асырылуы мүмкін.

#### **4-тарау. АКЦИЯЛАРДЫ АКЦИОНЕРДІҢ ТАЛАП ЕТУІ БОЙЫНША САТЫП АЛУ**

**20. Банк орналастырған акцияларды акционерден оның талап етуі бойынша сатып алу тәртібі.**

1) орналастырылған акцияларды Банк акционердің талап етуімен сатып алуға міндетті, акционер мұны мына жағдайларда талап етуі мүмкін:

- акционерлердің жалпы жиналысы Банкті қайта құру туралы шешім қабылдағанда- егер акционер Банкті қайта құру туралы мәселе қарастырылған жиналысқа қатысқан және мұндай шешім қабылдауға қарсы дауыс берген болса;

- заңнамаға және Банк Жарғысына сәйкес тәртіппен қабылданған Банк жасайтын ірі мәміле туралы шешіммен және/немесе жасалуына Банк мүдделілік танытып отырған мәміле туралы шешіммен келіспегенде;

- акционерлердің жалпы жиналысы Банк Жарғысына акционерге тиесілі акциялар бойынша оның құқығын шектейтін өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдағанда (егер акционер мұндай шешім қабылданған жалпы жиналысқа қатыспаған немесе бұл жиналысқа қатысқан, бірақ мұндай шешімге қарсы дауыс берген болса).

2) осы Ережелердің 20-тармағындағы 1) тармақшада аталған негіздемелер бар болса, акционерлердің жалпы жиналысы тиісті шешім қабылдағаннан кейін 30 (отыз) күннің ішінде акционер өзіне тиесілі акцияларды құнын өтеп сатып алу туралы Банкке өтініш беруге құқылы.

3) Акционердің өзіне тиесілі акцияларды құнын өтеп сатып алу туралы өтініші жазбаша түрде берілуге тиіс, онда акцияларды сатып алу туралы айқын әрі бір мәнді нақты талап қойылады, акционердің сатып алуға ұсынатын акцияларының саны мен түрі және мекен-жайы мен байланыс телефоны көрсетіледі.

- 4) Акционердің оған тиесілі акцияларды құнын өтеп сатып алу туралы өтініші Бас банктің ресми мекен-жайына жіберілуге тиіс.
- 5) Акционер өзіне тиесілі акцияларды сатып алу жөнінде өтініш бергенде, Банк акцияларды өтініш келіп түскеннен кейін отыз күннің ішінде сатып алуға міндетті. Акционердің өтініші алынған күн ретінде оның өтініші Бас банктің қызметтік хаттарды тіркейтін құрылымдық бөлімшесінде (Кеңседе) тіркелген күн алынады.
- 6) Банктің Директорлар кеңесі акционердің акцияларын сатып алу туралы талабын өтінішті алғаннан кейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей қарастыруға тиіс. Директорлар кеңесі осы Ережелердің 20-тармағындағы 1) тармақшада көрсетілген негіздемелер болмаған жағдайда, сондай-ақ заңнамада белгіленген және Банктің орналастырылған акцияларды сатуына тыйым салатын басқа жағдайларда Банктің Директорлар кеңесі тиісті шешім қабылдағаннан кейін екі жұмыс күнінің ішінде акционерге хабарлама жібере отырып, акцияларды сатып алудан бас тартуға құқылы.
- 7) Банктің Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейін екі жұмыс күні ішінде өтініш берген акционерге тиісті хабарлама жіберіледі. Онда Банктің Директорлар кеңесі оның акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдағаны, акцияны сатып алу-сату мәмілесін ресімдеуге қажетті құжаттардың тізбесі, сондай-ақ акционер барып жолығуға болатын Банктің жақын маңдағы облыстық, өңірлік не аудандық филиалының немесе есеп айырысу-касса бөлімінің мекен-жайы мен телефон нөмірлері көрсетіледі.
- 8) Банк акцияларды сатып алуды тараптардың өзара сатып алу-сату шартына қол қою және акцияларды сатып алу-сату мәмілесін қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен тіркеу арқылы жүзеге асырады. Акцияларды сатып алу-сату шартында міндетті түрде акционердің сатып алынатын акцияларына төленетін ақшаны аудару үшін банктік деректемелері немесе сатып алынған акцияларының ақысын қолма-қол ақшамен алуға болатын мекен-жай (жеке тұлға-акционерлер үшін) көрсетілуге тиіс.
- 9) Осы Ережелердің 20-тармағындағы 8) тармақшада көрсетілген құжаттарды ресімдеу акционердің тұратын жеріне жақын маңдағы Банктің облыстық, өңірлік, аудандық филиалында немесе Банк филиалының есеп айырысу-касса бөлімінде, не болмаса Бас банктің тиісті құрылымдық бөлімшесі арқылы жүргізіледі.

## **21. Акцияларды сатып алу бағасын анықтау әдістемесі**

- 1) Банктің орналастырған акцияларын акционердің талабы бойынша сатып алудың бағасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес нарықтық құнмен, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында қалыптасқан акциялармен жасалатын мәмілелердің нарықтық бағасын немесе Банк акцияларына сұраныспен ұсыныс бағасын ескере отырып (акционердің өтініші Бас банктің қызметтік құжаттар тіркелетін құрылымдық бөлімшесінде тіркеуден өткен күнгі жағдай бойынша), сондай-ақ Банктің меншікті капиталының мөлшерін, Банктің даму жоспарына сәйкес өзгеру болашағын және бағалы қағаздар құнына ықпал етуші басқа да факторлар назарға алынып анықталады.
- 2) акционер Банк ұсынған акцияларды сатып алу бағасымен келіспеген жағдайда тараптар сатып алу бағасын өзара келісім негізінде белгілеуге құқылы. Егер

тараптар сатып алу бағасы жөнінде келісімге қол жеткізе алмаса, даулы мәселе қолданыстағы заңнамада қарастырылған тәртіппен шешіледі.

## **5-тарау. АКЦИЯЛАРДЫ АКЦИОНЕРДІҢ ӨТІНІШІ БОЙЫНША САТЫП АЛУ**

### **22. Банктің орналастырылған акцияларын акционердің өтініші бойынша сатып алу тәртібі, орналастырылған акцияларды Банктің өз бастамасымен немесе заңнамада белгіленген тәртіппен акционердің талап етуі бойынша сатып алу жағдайларын қоспағанда**

- 1) Өзіне тиесілі акцияларды сатқысы келетін акционер Банкке өз акцияларын сатып алу жөнінде өтініш жазуға құқылы.
- 2) Акционердің өзіне тиесілі акцияларды Банктің сатып алуы жөніндегі өтініші жазбаша жасалып, онда акцияларды сатып алу-сату мәмілесін бекіту туралы нақты әрі бір мәнді ұсынысы баяндалу қажет. Сондай-ақ акционердің сатуға ұсынған акцияларының саны, сату бағасы және мәміленің басқа да елеулі шарттары, сондай-ақ акционердің мекен-жайы мен байланыс телефондары көрсетіледі.
- 3) Акционердің өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініші Бас банкке жіберілуге тиіс.
- 4) Акцияларды сатып алудың тәртібі мен талаптарын Банктің Директорлар кеңесі анықтайды (*редакциясы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлері жалпы жиналысының шешімімен өзгертілді (2008 жылғы «21» ақпандағы № 24 хаттама).*
- 5) *Бұл тармақша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлері жалпы жиналысының шешімімен алынып тасталды (2008 жылғы «21» ақпандағы № 24 хаттама).*
- 6) *Бұл тармақша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлері жалпы жиналысының шешімімен алынып тасталды (2008 жылғы «21» ақпандағы № 24 хаттама).*
- 7) *Бұл тармақша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлері жалпы жиналысының шешімімен алынып тасталды (2008 жылғы «21» ақпандағы № 24 хаттама).*
- 8) Акцияларды сатып алуды Банк тараптардың өзара сатып алу-сату шартына қол қою және акцияларды сатып алу-сату мәмілесін заңнамада белгіленген тәртіппен тіркеу арқылы жүргізеді. Акцияларды сатып алу-сату шартында міндетті түрде сатып алынатын акциялар төлемінің ақшасын аудару үшін акционердің (заңды тұлға немесе жеке тұлға) банктік деректемелері немесе жеке тұлға-акционерлерге акция төлемі қолма-қол ақшамен берілетін мекен-жай атап көрсетіледі.

### **23. Акцияларды сатып алу бағасын анықтау әдістемесі**

- 1) Банктің шығарған акцияларын акционердің өтініші бойынша сатып алу бағасы тараптардың өзара келісімі негізінде белгіленеді. Банктің Директорлар кеңесі

Банк Басқармасына сатып алынатын акциялар бағасы туралы акционермен келіссөз жүргізуді тапсыруға құқылы.

- 2) Банктің орналастырған акцияларының бағасын анықтағанда Банк басшылығы қолданыстағы заңнаманы басшылыққа алады және бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында қалыптасқан акциялармен жасалатын мәмілелердің нарықтық бағасын немесе Банк акцияларына сұраныс пен ұсыныс бағасын ескере отырып (акционердің өтініші Бас банктің қызметтік құжаттар тіркелетін бөлімшесінде тіркеуден өткен күнгі жағдай бойынша), сондай-ақ Банктің меншікті капиталының мөлшерін, Банктің даму жоспарына сәйкес өзгеру болашағын және Банктің екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтерді сақтау жөніндегі заңнама талаптарын орындауы мен бағалы қағаздар құнына ықпал етуші басқа да факторларды назарға алады.

## **6-тарау. АКЦИЯЛАРДЫ СОТ ШЕШІМІНЕ СӘЙКЕС САТЫП АЛУ**

### **24. Шығарылған акцияларды сот шешімі бойынша сатып алу тәртібі**

- 1) Заңды күшіне енген тиісті сот шешімі болғанда, Банктің Директорлар кеңесі акционерге тиесілі Банк акцияларын сот шешімі Банкке түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті (егер сот шешімінде басқа мерзім көрсетілмесе). Сот шешімі Бас банктің қызметтік хаттарды тіркейтін құрылымдық бөлімшесінде (Кеңседе) тіркелген күн аталған шешімнің Банкке түскен күні болып саналады.
- 2) Сот шешімі Банкке заңды күшіне енген күнен бұрын түскен болса, Банктің Директорлар кеңесіне акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдауы үшін берілетін он бес күндік мерзім сот шешімі күшіне енген күннен басталады.
- 3) Банктің Директорлар кеңесі Банк акцияларын сатып алу туралы шешім қабылданған күннен кейін екі жұмыс күні ішінде акционерге аталған шешімнің қабылданғаны жөнінде хабарлама жіберіледі. Онда Банктің Директорлар кеңесінің акцияларды Банктің сатып алуы туралы шешім қабылдағаны, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ресімдеуге қажетті құжаттар тізбесі, сондай-ақ акционер барып жолығуға тиіс жақын маңдағы Банктің облыстық, өңірлік, аудандық филиалының немесе есеп айырысу-касса бөлімінің мекен-жайы мен телефон нөмірлері көрсетіледі.
- 4) Банктің сот шешімі бойынша акцияларды сатып алу тәртібі акционердің өтініші бойынша сатып алу тәртібін реттейтін осы Ережелердің 5-тарауының нормаларына сәйкес жүргізіледі.

### **25. Акцияларды сатып алу бағасын анықтау әдістемесі**

- 1) Банктің орналастырған акцияларын сот шешімі бойынша сатып алу бағасы тараптардың келісімі бойынша белгіленеді (егер сот шешімінде басқаша анықталмаса). Банктің Директорлар кеңесі Банк Басқармасына Банк орналастырған акцияларды сатып алу бағасы бойынша келісімге қол жеткізу үшін келіссөз жүргізуді тапсыруға құқылы.

2) Банктің орналастырған акцияларының бағасын анықтағанда Банк басшылығы қолданыстағы заңнаманы басшылыққа алады және бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында қалыптасқан акциялармен жасалатын мәмілелердің нарықтық бағасын немесе Банк акцияларына сұраныс пен ұсыныс бағасын ескере отырып (акционердің өтініші Бас банктің қызметтік құжаттар тіркелетін құрылымдық бөлімшесінде тіркеуден өткен күнгі жағдай бойынша), сондай-ақ Банктің меншікті капиталының мөлшерін, Банктің даму жоспарына сәйкес өзгеру болашағын және Банктің екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтерді сақтау жөніндегі заңнама талаптарын орындауы мен бағалы қағаздар құнына ықпал етуші басқа да факторларды назарға алады».

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
Басқарма Төрағасының орынбасары

Д.Қарабаев

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
Бас бухгалтері

П.Чеусов

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
Ішкі аудит департаментінің  
директоры

О.Дияров